

"Алтай-ТМ" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 17 қыркүйек N 904. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.14. N 1725 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1287 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Алтай-ТМ" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын.

2. Компания басқармасының орналасатын жері Өскемен қаласы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

осы қаулыға тіркелген қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен акционерлік қоғамдардың құрамында Компанияны құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін бір ай мерзім ішінде әзірлесін;

Компанияға кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ бұрын құрылып, Компанияның құрамына енгізілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акцияландыру барысына қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялардың пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) мемлекет қарамағынан алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Компанияның иеленуі, пайдалануы және басқаруына берілетін болсын.

4. Компания қызметінің негізгі мақсаттары мыналар деп белгіленсін:

қорғасын, мырыш, асыл металдар, кен және құрамында осы элементтер бар концентраттар өндіру саласында жұмыс істейтін металлургия, кен байыту және кен өндіру кәсіпорындарының, шахта салу және шахта қазу ұйымдарының қызметін үйлестіру;

Компанияның құрамына енетін кәсіпорындардың өндірісті

бағдарламаларының баланстарын қарау, жасау және бекіту;

негізгі өнім түрлері бойынша мемлекеттік қажеттілікке қарай өндіріс көлемін орналастыру;

түсті металдар өндіру, кен базасын дамыту, техникалық жағынан қайта жарақтандыру, айналадағы ортаны қорғау және оларды мемлекеттік инвестициялау жөнінде аса маңызды ғылыми-техникалық бағдарламалар жасау;

Компанияның кәсіпорындары өндіретін өнімді экспортқа шығарудың лицензияларын келісу, олардың сыртқы экономикалық қызметін үйлестіру;

шетел инвесторларын тарту, өндіріс қызметін өрістету мен коммерцияландыру;

Компанияның құрамына енетін кәсіпорындардың басшыларын тағайындау және бекіту;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларға өз өкілдерін тағайындау.

5. Компания бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың басшылығын өз орнында қалдырып, олардың Байқаушы кеңестерінің құрамына өз өкілдерін тағайындайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, "Қазақстан

түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы Компанияның қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдайтын болсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеті "Өскемен қорғасын-мырыш комбинатымен" бірлесіп қолдағы ресурстар есебінен Компанияға қажетті қызмет үй-жайларын, техникалық құралдарды және телефон мен телекс байланысы арналарын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 17 қыркүйектегі

N 904 қаулысына

Қосымша

"Алтай-ТМ" мемлекеттік холдинг компаниясына

кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың

Тізбесі

"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы, Өскемен қаласы

Зырян қорғасын комбинаты, Зырян қаласы
Ертіс полиметалл комбинаты, Белоусов поселкесі, Шығыс Қазақстан
облысы
Жезкент кен байыту комбинаты, Жезкент поселкесі, Семей облысы

<*>

"Шығысмашзавод" ғылыми-өндірістік бірлестігі, Өскемен қаласы
"Қорғасыншахтақұрылыс" тресі, Өскемен қаласы
"Рассвет" тігін бірлестігі, Өскемен қаласы

Құрамына сүт зауыты, салынып жатқан кірпіш зауыты, салынып жатқан ағаш
өңдеу зауыты енетін "Юг" өндірістік-құрылыс ауыл шаруашылық кәсіпорны,
Зайсан қаласы, Шығыс Қазақстан облысы "Өскемен қорғасын-мырыш
комбинаты" акционерлік қоғамы салып жатқан емдеу-сауықтыру кешені,
Өскемен қаласы "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік
қоғамының жауапкершілігі шектеулі "Артемов" серіктестігімен бірге салып
жатқан кеніштегі тиісті үлесі, Шемонайха поселкесі, Шығыс Қазақстан облысы
Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.07.21.
N 1014 қаулысымен.